

Қаржы полициясы органдарында азаматтарды қабылдау Ережелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қаржы полициясы агенттігі төрағасының 2003 жылғы 7 наурыздағы N 49 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 11 сәуірде тіркелді. Тіркеу N 2235. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі агенттігі (қаржы полициясы) төрағасының 2005 жылғы 19 қыркүйектегі N 204 бұйрығымен.

Ескерту: Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі агенттігі (қаржы полициясы) төрағасының 2005 жылғы 19 қыркүйектегі N 204 бұйрығымен .

-----Бұйрықтан үзінді-----

Қазақстан Республикасы Президентінің "Азаматтардың өтініштерін қарау тәртібі туралы" заң күші бар Жарлығына, сонымен қатар "Әкімшілік рәсімдер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, Қазақстан Республикасының қаржы полициясы органдарында азаматтардың өтініштерімен жұмыс істеуді жетілдіру және оларды қабылдауды ұйымдастыру мақсатында, Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

3. "Қаржы полициясы органдарында азаматтарды қабылдау тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы полициясы агенттігінің 2003 жылғы 7 наурыздағы N 49 бұйрығының (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 11 сәуірде тіркелген) күші жойылған деп есептелсін.

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркелген күнінен бастап күшіне енеді...

Т ө р а ғ а

Азаматтардың өтініштерімен жасалып жатқан жұмысты одан әрі жетілдіру, өтініштер санын азайту және оларды жедел қарастыру мақсатында, "Қазақстан Республикасының қаржы полициясы органдары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 3-тармағы 5) тармақшасын басшылыққа ала отырып ,

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қоса беріліп отырған қаржы полициясы органдарында азаматтарды қабылдау Ережелері (бұдан әрі - Ережелер) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы полициясы агенттігі (бұдан әрі - Агенттік),

облыстар, Астана мен Алматы қалалары бойынша, көліктегі Қаржы полициясы департаменттерінің, Қаржы полициясы академиясының (бұдан әрі - аумақтық органдар) басшылары азаматтарды жеке қабылдауға арналған жазбасы Агенттік Хатшылығының және тиісті аумақтық органдарының кеңселерінде 1-қосымшаға сәйкес азаматтарды қабылдау жөніндегі есеп карточкасын толтыру жолымен жүргізілсін.

Агенттік Төрағасы бекіткен кесте бойынша Агенттік басшылығы азаматтарды белгіленген күндер мен сағатта қабылдасын.

3. Аумақтық органдарының бастықтары:

1) азаматтарды қабылдау және өтініштерін қарастыру үшін қажетті жағдай жасасын;

2) азаматтардың өтініштерін заңдарда бекітілген тәртіпше және көрсетілген мерзімде қарастыруын қамтамасыз етсін;

3) 2-қосымшаға сәйкес айына кемінде бір рет бірінші басшылар, ал апталардың қалған күндері - олардың орынбасарлары азаматтарды қабылдауды қарастырылған тоқсандық кестелерді кезекті тоқсанның басталуынан 20 күн бұрын Агенттік Хатшылығының кеңсесіне мәлімет ретінде беріп отырсын;

4) 3-қосымшаға сәйкес жинақы деректерін қоса бере отырып бірінші басшылар мен олардың орынбасарлары азаматтарды қабылдау нәтижелері туралы ақпаратты тоқсаннан кейінгі келер айдың 2 күніне дейін Агенттік Хатшылығының кеңсесіне беріп отырсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Агенттік Төрағасының бірінші орынбасарына жүктелсін.

5. Бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді.

Төраға

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Қ а р ж ы п о л и ц и я с ы а г е н т т і г і н і н
2 0 0 3 ж ы л ғ ы 7 н а у р ы з д а ғ ы
N 4 9 б ұ й р ы ғ ы м е н
БЕКІТІЛГЕН

Қаржы полициясы органдарында азаматтарды қабылдау ЕРЕЖЕСІ

Осы қаржы полициясы органдарында азаматтарды қабылдау Ережесі (бұдан әрі - Ереже), қаржы полициясы органдарында, оның оқу орындарында және өзге де Қазақстан Республикасының қаржы полициясы органдары жүйесінің ведомствосына қарасты мекемелерінде азаматтарды қабылдау тәртібін реттейді.

1. Азаматтарды қабылдауды ұйымдастыру

1. Қаржы полициясы органдарында азаматтарды қабылдау адам мен азаматтардың намысын, құқықтары мен бостандықтарын сақтай және құрметтей отырып, заң қағидалары негізінде жүзеге асырылады.

2. Азаматтарды жеке сұрақтары бойынша қабылдау кезінде Қазақстан Республикасының Конституциясын , "Қазақстан Республикасының қаржы полициясы органдары туралы" Қазақстан Республикасы Заңын , Қазақстан Республикасы Президентінің "Азаматтардың өтініштерін қарау тәртібі туралы" Жарлығын , осы мәселелерді реттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілерді және осы Ережені басшылыққа алу қажет.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы полициясы агенттігінде (бұдан әрі - Агенттік) азаматтарды қабылдау Төрағамен және оның орынбасарларымен, облыстар, Астана мен Алматы қалалары бойынша және көліктегі Қаржы полициясы департаменттерінде және Қаржы полициясы академиясында (бұдан әрі - аумақтық органдары) бірінші басшыларымен және олардың орынбасарларымен айына бір реттен кем емес жүзеге асырылады.

4. Агенттікте азаматтарды қабылдау Агенттік Төрағасымен бекітілген кестеге сәйкес, аумақтық органдарда - аумақтық органдардың бірінші басшыларымен бекітілген азаматтарды қабылдау кестелеріне сәйкес жүргізіледі (2-қосымша).

2. Азаматтарды қабылдау тәртібі

5. Азаматтарды қабылдауды жүргізетін лауазымды тұлғамен, азаматтың тегі, аты, әкесінің аты, оның жұмыс орны, лауазымы, тұратын мекен-жайы, телефон нөмірі, өтініштің қысқа мазмұны және азаматтың өтінішін қарастыру нәтижелері көрсетіліп, азаматтарды қабылдауды есепке алу карточкасы толтырылады.

6. Егер арыз немесе шағым өзге мемлекеттік органдардың қатысуымен шешілуі мүмкін болса, онда азаматпен баяндалған жазбаша түрдегі көтерілген сұрақтары қабылдау өткізуші басшының ілеспе хатымен 5-күн ішінде өтініште көрсетілген сұрақтарды шешу құзыретіне қатысты сәйкес мемлекеттік органның қарауына жолданады. Бұл туралы азамат жазбаша түрде хабардар болады.

7. Жазба азаматтарды қабылдаудан 3 күн бұрын жүргізіледі.

8. Қабылдау кезінде берілген жазбаша өтініштер тіркеуге алынады және олардың шешілуін бақылау қаржы полициясы органдарында белгіленген тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады. Егер арыз немесе шағым лауазымды тұлғамен қабылдау барысында шешілуі мүмкін болмаса, олар жазбаша түрде баяндалады және олармен жазбаша өтініш ретінде жұмыс жүргізіледі.

9. Азаматтарды қабылдау жүргізуші лауазымды тұлға мынадай құқықтарға ие :

өтініштерді қарау үшін қажетті ақпараттарды белгіленген тәртіппен сұрауға
ж ә н е а л у ғ а ;

азаматтардың өтініштерімен жұмыстың жағдайы туралы елдің жұмысшы

ұжымдарды және бұқаралық ақпарат құралдарын ақпараттандыруға; соттың шешімі бойынша азаматтан мәтіні жалған - мәліметтері бар хабарларды тексерумен байланысты шеккен шығыстарды өндіруге.

10. Азаматтарды қабылдау жүргізуші лауазымды тұлға мыналарға міндетті:

Осы Ережемен белгіленген тәртіп және мерзімдерде азаматтардың өтініштерін қабылдауға және қарауға; заңды және негізделген шешімдер қабылдауға; қабылданған шешімдердің орындалуын бақылауды қамтамасыз етуге; қабылданған шешімдер туралы азаматтарға жазбаша немесе ауызша хабар беруге;

шағымның, шағым беруші тұлғаға немесе оның берілу мүддесіне зиян келтіруге айналуын болдыртпауға;

шағымдарды іс-әрекеті шағымдалатын лауазымды тұлғаларға жолдамауға; тексерістерді оларға қатысты мәселенің объективті шешілуіне мүдделі емес екендігіне негізі бар тұлғаларға жүктелу жағдайын болдыртпауға; өтініш беруге байланысты азаматтар мен олардың отбасы мүшелерін аңдудың жолын кесуге;

азаматтардың жеке өмірі туралы мәліметтерді немесе заңмен қорғалатын сыр, өзге мәліметтер мен ақпараттарды олардың келісімісіз жаймауға. Сондай-ақ, өтінішке қатысы жоқ азаматтың жеке басы туралы берілгендерін анықтауға жол бермеуге;

азаматтардың өтінішін тудыратын себептерді жою және жұмысты жетілдіру мақсатында азаматтардың өтініштерін, олардағы сыншылдық ескертулерді талдауға және жинақтауға, қоғамның пікірін зерттеуге;

азаматтардың өтініштерін қарастыру жөніндегі жұмыстың жағдайын жүйелі түрде тексеруге.

11. Арыздар немесе шағымдарды қарастыру мерзімі бір айға дейін, ал қосымша зерттеу мен тексеруді қажет етпейтін өтініштер бойынша, оларды тіркеуге алған күннен бастап 15 күнге дейін болады.

12. Қосымша тексеру жүргізуді қажет ететін жағдайда мерзімдер, азаматтарды қабылдаған тұлғамен 1 айдан аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін, бұл туралы азаматқа хабарланады.

13. Өтініш берген азамат мынадай құқықтарға ие: оның тексеріс барысына өзі қатысуға; өзі берген өтініштің негізділігін дәлелдеуге қосымша материалдар ұсынуға; қабылданған шешім туралы ауызша немесе жазбаша түрде негізді жауап алуға;

өтініш бойынша қабылданған шешімді жоғары тұрған органға немесе жоғары тұрған тұлғаға шағымдануға;

органдар мен лауазымды тұлғалардың заңды бұзып жасаған шешімдері мен әрекеттеріне заңмен белгіленген тәртіппен сотқа өтініш беруге.

14. Азаматтардың өтініштері, онда көрсетілген мәселелер қаралғанда, олар бойынша қажетті шаралар қабылданғанда және азаматтарға жауаптар берілгенде шешілген болып есептеледі. Мәтінінде жаңа дәлелдер немесе қайта ашылған жағдайлар келтірілмеген, олар бойынша нақты тексеріс материалдары бар және авторларына белгіленген тәртіппен жауаптар берілген, қайта түскен өтініштер тексеруге жатпайды.

15. Егер мәселені шешу ұзақ мерзімге қалдырылса, онда өтініш мәлімдеме, анықтама немесе қызметтік хат бойынша, оның біржолата орындалуына дейін, қосымша бақылауға қойылады.

16. Өтініштер бойынша өндірісті тоқтату туралы шешімді Агенттік Төрағасы немесе оның орынбасарлары, аумақтық органдарда - бастықтары және олардың орынбасарлары қабылдауға құқылы.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Қаржы полициясы агенттігінің

2003 жылғы 7 наурыздағы

№ 49 б ұ й р ы ғ ы м е н

берілген 1-қосымша

2003 жылғы " __ " _____ № _____

_____ азаматтарды қабылдауды есептеу

КАРТОЧКАСЫ

Азаматтың аты, тегі, әкесінің аты _____

Азаматтың жұмыс орны мен атқаратын қызметі _____

Тұрып жатқан мекен-жайы мен телефоны № _____

Өтініштің қысқаша мазмұны _____

Азаматты қабылдайтын басшының тегі мен аты-жөні, лауазымы _____

Азаматтың жазылғысы келген қабылдау күні _____

карточканың келесі беті

Шынайы қабылдау жүргізген басшының тегі мен аты-жөні, лауазымы _____

Қабылдаған күні _____

Азаматтың өтінішін қарастыру нәтижесі _____

Қазақстан Республикасы
Қаржы полициясы агенттігінің
2003 жылғы 07 наурыздағы
N 49 бұйрығымен

берілген 2-қосымша

**Қаржы полициясы органдары басшыларымен
200_ жылғы __ тоқсанға арналған
азаматтарды қабылдау**

КЕСТЕСІ

ҚПО атауы	Азаматтарды қабылдаған тұлғаның аты-жөні	Азаматтарды қабылдаған тұлғаның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	ҚПО Орна.	Байланыс телефоны
					ласқан жері

Қазақстан Республикасы
Қаржы полициясы агенттігінің
2003 жылғы 07 наурыздағы
N 49 бұйрығымен

берілген 3-қосымша

_____ басшыларымен азаматтарды қабылдау нәтижелері туралы 200_ жылғы тоқсанға берілгендер

Азаматтарды	Азаматтарды	Қабылданған	Қабылданғандар санынан:				
	тарды	данған	Сұрағы	Өтініші	ҚПО	Берілген	Басқа
			жағымды	шешілген	жіберген	ұйымдарға	
			шешілген	мегені	гені	түсінік	жіберілген
			гені			теме	ген
